

РМҚК «Допингке қарсы ұлттық орталықтың» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары бойынша есеп

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрілігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 348 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрілігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің 2018 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау бойынша РМҚК «Допингке қарсы ұлттық орталық» келесіні хабарлайды.

РМҚК «Допингке қарсы ұлттық орталықтың» ресми сайтытында, барлық азаматтарға қол жетімді түрде, мемлекеттік сатып алу туралы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ақпараттар орналастырылған.

2018 жылға бекітілген мемлекеттік сатып алулар жоспарын кәсіпорынның интернет-ресурсында орналастырылған.

2018 жылы қаңтар айында Кәсіпорын қызметшілері мінез-құлқының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты өңделіп бекітілді.

Ішкі талдау шеңберінде қызметкерлердің жұмысы бақыланып, сыбайлас жемқорлық қаупі бар фактілерді жою бойынша жұмыс жүргізілді.

2018 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары әзірленіп бекітілді және оның орындалуы туралы ақпарат кәсіпорынның интернет-ресурсында орналастырылды.

Кәсіпорынның интернет-ресурсында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы арнайы бөлім жұмыс құрылып қазіргі таңда жасап жатқанының хабарлайды.

Кәсіпорынның қызметкерлері Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт Министрілігімен әзірленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарының қатаң сақтайтындары қадағаланып тұруда.

Кәсіпорын директорының табысы мен мүлкі туралы ақпарат кәсіпорынның интернет-ресурсында жарияланып анық көрсетілген.

Кәсіпорынға жұмысқа тұру барысында Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес соттылығы бар немесе жоқтығы туралы анықтаманы ұсынуды қатаң бақылауға алыныды.

Қазақстан Республикасы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына сәйкес кәсіпорынға келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау мерзімдері сақтала отырып бақылауға алынды.

Қазіргі таңда уәкілетті органның ескертулерін ескере отырып, РМҚК «Допингке қарсы ұлттық орталық» Жарғысына түзетулердің мәтінін енгізді, бұл құжат Әділет органында тіркеуден өтті.

«Дене шынықтыру және спорт ұйымдарының басшылары, мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрінің 19.06.2016ж. №191 бұйрығында

допинг-бақылау маманы лауазымы айқындалмағаны анықталды, осы мәселе бойынша Алматы қаласында 2018 жылы 08 маусым аралығында Қазақстан Республикасы спорт министрілігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің өкілдерінің қатысуымен өткізілген кадрлық және қаржылық мәселелер бойынша семинар-кеңесінде РМҚК «Допингке қарсы ұлттық орталықтаң» мамандар қатысып бір неше сұрақтар туындап қазіргі таңда екі жақты қарастыру процессінде.

Жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажетті мерзімде қарастырылып, жауап берілді.